

Қауымдастық мүшелерінің құрамына кіру шарттары

Заңды тұлғалар, одақтар, қауымдастықтар, қоғамдық бірлестіктер, қорлар, қызметі Қауымдастықтың мақсаттары мен мәніне қайшы келмейтін басқа да коммерциялық емес және коммерциялық ұйымдар Қауымдастықтың мүшелері бола алады.

Қауымдастыққа қабылдау заңды тұлғаның **Қауымдастық Төрағасының атына жазылған жазбаша өтініші және оған кіру жарнасын төлеу** негізінде Қауымдастық мүшелерінің Жалпы жиналысының шешімімен жүзеге асырылады (Қауымдастық Жарғысының 14-тармағы).

I. Қауымдастыққа кіру кезінде қажетті құжаттар тізбесі:

- 1) Қауымдастық Төрағасының атына заңды тұлғаның жазбаша өтініші (*үлгі шарты қоса беріледі*);
- 2) Кіру жарнасын төлегендігі жөнінде растайтын құжат;
- 3) Қауымдастыққа кіретін ұйымдардың кіру жарнасының мөлшері 100 000 (жүз мың) теңгені құрайды.
- 4) Заңды тұлға жарғысының көшірмесі;
- 5) Қауымдастыққа кіруге ниет білдірген заңды тұлға қызметінің қысқаша сипаттамасы (*орыс және ағылшын тілдерінде болған жақсырақ*);
- 6) Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) куәлігінің көшірмесі.

II. Жазбаша өтініштің нысаны:

«KAZENERGY» қауымдастығының
Төрағасына

_____ (заңды тұлғаның атауы) Сізден «KAZENERGY» Қазақстан мұнай-газ және энергетика кешені ұйымдарының қауымдастығы» ЗТБ мүшелерінің қатарына қабылдауды сұрайды.

Қауымдастыққа кіру туралы заңнамада, жарғыда және ішкі құжаттарда көзделген _____(заңды тұлғаның атауы) құзыретті органдарының барлық қажетті шешімдері белгіленген тәртіпте қабылданғанын осымен растаймыз.

Қосымшалар:

- 1) кіру жарнамасын төлегендігін растайтын құжат;
- 2) заңды тұлға жарғысының көшірмесі;
- 3) заңды тұлға қызметінің қысқаша сипаттамасы;
- 4) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама.

(лауазымы)

(қолы)

(ТАӘ)

III. Жыл сайынғы мүше жарнасының мөлшері төмендегіні құрайды:

- 1) 500 000 (бес жүз мың) теңге мөлшерінде – көмірсутекті барлауды жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушылар үшін;
- 2) 2 000 000 (екі миллион) теңге мөлшерінде – жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары және ғылыми ұйымдар үшін.
- 3) 3 000 000 (үш миллион) теңге мөлшерінде – негізгі қызметі экология, қоршаған ортаны қорғау, жаңартылатын және баламалы энергия көздері саласындағы ұйымдар үшін;
- 4) 3 000 000 (үш миллион) теңге мөлшерінде – жылына 50 000 тоннаға дейін мұнай өндіретін мұнай компаниялары үшін;
- 5) 6 000 000 (алты миллион) теңге – жылына 50 001 тоннадан 100 000 тоннаға дейін мұнай өндіретін мұнай компаниялары үшін;
- 6) 13 000 000 (он үш миллион) теңге – жылына 100 001-ден 5 000 000 тоннаға дейін мұнай өндіретін мұнай компаниялары үшін;
- 7) 25 000 000 (жиырма бес миллион) теңге - жылына 5 000 000 тоннадан астам мұнай өндіретін мұнай компаниялары үшін;
- 8) 25 000 000 (жиырма бес миллион) теңге мөлшерінде ұлттық компаниялар үшін ("ҚазМұнайГаз" ҰК АҚ, "KEGOC" АҚ, "ҚазАтомӨнеркәсіп" ҰАК» АҚ, «QazaqGaz» ҰК» АҚ және стратегиялық энергетика холдингі үшін ("Самұрық-Энерго" АҚ);
- 9) 6 000 000 (алты миллион) теңге – осы шешімнің 1) - 8) тармақшаларында көрсетілмеген компаниялар үшін.

Ақпарат бойынша байланыс тұлғасы:
+77172 79-02-07, n.janekenov@kazenergy.com